



ШЕШІМ

30.06.2022

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ **197/27-VII**

город Нур-Султан

**Жергілікті атқарушы органның
Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік
-жекешелік әріптестіктің жай-күйі
мен оны дамыту жөніндегі шаралар
туралы есебі**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Е.Б. Байкеннің «Жергілікті атқарушы органның Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жай-күйі мен оны дамыту жөніндегі шаралар туралы есебі» мәселесі жөніндегі баяндамасын тыңдап және талқылап, қалалық мәслихат сессиясы келесіні атап өтеді.

Жергілікті атқарушы органның мемлекеттік-жекешелік әріптестік (бұдан әрі – МЖӘ) жобаларын іске асыру бойынша қабылдап жатқан шараларына қарамастан, шешуді талап ететін бірқатар проблемалық мәселелер бар.

Мәселен, кезекті сессияға дайындық шеңберінде Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының (бұдан әрі – Мәслихат) депутаттары МЖӘ жобалары бойынша таныстырылымдарды тыңдап, кейбір объектілерге, оның ішінде «Астана қаласының ақылы тұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару» және «Астана қаласында фотобейнетіркеудің аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану» объектілеріне барды

2018 жылы Нұр-Жол бульварында 487 тұрақ орнын қамтитын «Астана қаласының ақылы тұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару» жобасы іске қосылды. 2022 жылғы 1 наурыздан бастап жоба 5500-ден астам орынды қамти отырып, елорданың барлық аудандары бойынша іске асырыла бастады. Жалпы, 10 мыңнан астам тұрақ орнын құру жоспарланған болатын.

Бүгінгі күні ақылы тұрақтар тұрақ орындарының тапшылығы, автомобильдердің трафигін және жолдардағы кептелістерді реттеу мәселелерін шешпей отыр. Сондай-ақ, Серіктестіктің жобаны іске асырудан түскен кірістерді жеке және мемлекеттік әріптестер арасында бөлуіне қатысты мәселелер бар.

Автокөлік жүргізушілерінен тұрақ ақысын уақтылы төлемегені үшін қолданыстағы айыппұлдарға қатысты көптеген шағымдар келіп түсуде, олардың мөлшері өте жоғары. Айыппұлдардың мөлшерін оларды төлеу бойынша бір ай мерзім бере отырып, азайту жағына қарай қайта қарау, тұрақ орындарының

белгілі бір саны тегін негізде берілетін шартпен ақылы тұрақтарға балама тұрақтар құру жөніндегі мәселені қарау қажеттігі бар.

«Астана қаласында фотобейнетіркеудің аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану» МЖӘ жобасын (бұдан әрі Сергек жобасы) іске асыру жол-көлік оқиғалары салдарынан болатын өнім-жітімді, сондай-ақ қоғамдық орындардағы қылмысты едәуір төмендетті.

Сергек жобасын одап әрі белсенді іске асыру қажеттілігі бар, өйткені қала тұрғындарынан, әсіресе елорданың тұрғын үй алаптарында камералар орнатуға және түнгі уақытта бейнекамералардың жұмысындағы проблемаларды жоюға қатысты көптеген тілектер келіп түседі. Сергек жобасы бойынша шарттың қолданылу мерзімінің 2023 жылғы желтоқсанда аяқталуына байланысты, одап әрі үздіксіз пайдалану мақсатында және жергілікті бюджетке қосымша жүктемені болдырмау мақсатында жабдыққа түгендеу жүргізу, жабдықтың болжамды қызмет ету мерзімін, оның техникалық ақаусыздығын анықтау қажет.

Соңғы екі жыл ішінде «Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен пайдалану» МЖӘ жобасы үлкен наразылық тудырып отыр. Осы жоба бойынша МЖӘ шарты 2020 жылы жасалғанына және мемлекеттік міндеттемелер қабылданғанына қарамастан, жоба өте баяу іске асырылуда, осы уақытқа дейін жобалау-сметалық құжаттамаға сараптама жүргізілмеген. «Қазақстан» спорт сарайын қайта жаңғырту процедурасының ұзаққа созылуы қала тұрғындарының наразылығын тудыруда. Ата-аналардың балаларын қаланың басқа ауданына апаруға мүмкіндігі болмағандықтан, балалардың көпшілігі жүзумен айналысудан бас тартуға мәжбүр болған.

Пайдалануға берілген, бірақ коммуналдық меншікке берілмеген «Балабақша құрылысы және пайдалану (№29 және 36 көшелері)» МЖӘ жобаларының бірі бойынша қалыптасқан жағдай жекелеген мәселелер тудырады. Сонымен қатар, қазіргі уақытта «Бүлдірші-2012» ЖШС Жеке серіктесі «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотына өзіне келтірілген шығындар мен жіберіп алған пайдаға қатысты талап арыз берді.

Қазіргі уақытта елордада барлығы 16 МЖӘ жобасы іске асырылуда - бұл оңтайлы экономикалық құралдарды дамыту шаралары үшін төмен көрсеткіш және жалпы МЖӘ жобаларын құру бойынша қызметтің төмендеуі байқалады. Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында МЖӘ жобалары жоқ, денсаулық сақтау саласында МЖӘ әлеуеті пайдаланылмай отыр.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері МЖӘ жобаларын іске асыру кезінде жекеше әріптестің қаражатының қатысу дәрежесіне, инвестициялар көлеміне, міндеттерді, тәуекелдерді жергілікті бюджетке қосымша жүктемесіз мемлекет пен жеке бизнес арасында тең бөлуге, оның ішінде екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақының қымбат тұратын пайыздық ставкасын өтеуді барынша азайту қажеттігіне назар аударғаны жөн.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Е.Б. Байкеннің «Жергілікті атқарушы органның Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің жай-күйі мен оны дамыту жөніндегі шаралар туралы есебі» мәселесі жөніндегі баяндамасы назарға алынсын.

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігіне (Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары Байкен Е. Б.):

мемлекеттік әріптестер - тиісті атқарушы органдардың МЖӘ жобаларын іске асыру жөніндегі жұмысты күшейтуі жөнінде шаралар қабылдау;

іске асырылып жатқан МЖӘ жобаларының барысы туралы БАҚ ақпараттық-түсіндіру жұмысын күшейту;

бюджетке түсетін жүктемені төмендету мақсатында мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін дамыту бойынша жұмыс жүргізуді қамтамасыз ету;

Тарлан Паралимпиадалық орталығына бару мониторингін жүргізу үшін жеке қосымшаны әзірлеу мәселесін зерттеу;

МЖӘ жобаларын іске асыру бойынша мемлекеттік серіктестер - әкімдіктің құрылымдық бөлімшелері қызметін үйлестіруді күшейту ұсынылсын.

3. «Нұр-Сұлтан қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ және «Нұр-Сұлтан қаласының Полиция департаменті» ММ бірлесіп:

мәслихат депутаттары айтқан ұсыныстарды ескере отырып, «Астана қаласының ақылы тұрақ кеңістігін құру, пайдалану және басқару» жобасы бойынша МЖӘ шартының талаптарын қайта қарау;

2022 жылғы 30 шілдеге дейінгі мерзімде «Астана көлік тұрағы кеңістігі» ЖШС-нің кірістері және олардың болінуі жөнінде ақпарат беру;

2022 жылғы 30 шілдеге дейінгі «Астана көлік тұрағы кеңістігі» ЖШС тұрақ орындарын тазартудың белгіленген уақытын, жалданған қызметкерлер санын, тазартуға бөлінген шығыстар сомасын көрсете отырып, оларды тазарту бойынша ақпарат ұсыну;

2022 жылғы 30 шілдеге дейінгі жол бойында паркоматтарды орнатудың заңдылығы мен орындылығына қатысты ақпарат беру ұсынылсын.

4. «Нұр-Сұлтан қаласының Цифрландыру және мемлекеттік қызмет басқармасы» ММ:

2022 жылғы 30 шілдеге дейінгі Сергек жобасы бойынша жабдықтың кепілдік қызмет ету мерзімі және аталған жабдыққа түгендеу жүргізу мерзімі туралы ақпарат беру;

2022 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде қолданыстағы жобаны жаңғыртуды ескере отырып, «Нұр-Сұлтан қаласында фотобейнетіркеудің аппараттық-бағдарламалық кешенін құру және пайдалану» МЖӘ жаңа жобасын әзірлеу және ұсыну ұсынылсын.

5. «Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы» ММ:

Қысқа мерзімде «Нұр-Сұлтан қаласындағы «Қазақстан» спорт сарайын зияткерлік технологияларды пайдалана отырып жаңғырту және кейіннен

пайдалану» МЖӘ жобасы бойынша жобалау-сметалық құжаттамаға мемлекеттік сараптама жүргізуді қамтамасыз ету;

бар проблемаларды көрсете отырып, жоғарыда аталған МЖӘ жобасын іске асыру барысы туралы халықты БАҚ арқылы хабардар етуді қамтамасыз ету;

Жеке әріптес - Colosseo EAS Jan Jenca (Ян Йенча) Бас директорының Нұр-Сұлтан қаласында «Қазақстан» спорт сарайын қайта жаңғырту бойынша жұмыстарды жүргізу кезінде, яғни МЖӘ жобасын іске асыру кезінде қатысуын қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. «Нұр-Сұлтан қаласының Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» ММ мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, 2022 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде энергетика, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, денсаулық сақтау және т. б. салаларда МЖӘ жаңа жобаларын құру бойынша ұсыныстар енгізу ұсынылсын.

7. «Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ «Қауіпті қалдықтарды, оның ішінде құрамында сынап бар және медициналық қалдықтарды кәдеге жарату/қайта өңдеу бойынша қызметтер көрсетуді ұйымдастыру үшін өндірістік қуаттар салу» МЖӘ жобасын іске асыру шеңберінде контейнерлерді орнатуды және ауыстыруды қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**



Е. Капалимов